

ӨЗІҢІЗДІ COVID-19 ИНФЕКЦИЯСЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ

ҚОЛҒАП КИҢІЗ:

- ✓ **ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ**
- ✓ **ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ**
- ✓ **ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА**

Бір рет қолданылатын қолғапты бір рет қолданып босаңыз! Мата қолғаптарын күнделікті жуу, жеткізу және ұлтыру қажет!

БЕТПЕРДЕ КИҢІЗ:

- ✓ **ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ**
- ✓ **ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ**
- ✓ **ЖАБЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА**

Бір рет қолданылатын бетпердегілерді әр 2 сағат сайын ауыстыру қажет! Бетперде нұрын мен иені қолмен емес, қырымен ғана алып тастаңыз!

● **ТҮЙТКІЛ**



ЯДРОСЫЗ ӘЛЕМ – АДАМЗАТТЫҢ АРМАНЫ

7

● **ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ**



АСПАНДАҒЫ АЙҚАСТЫҢ АЛЫБЫ

12

● **#ЕКПЕАЛ**

2022 жылғы 5 тамыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 214 387

II компонентпен

1 188 185

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 5 тамыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – 10 795 666 адам,

II компонентпен 10 528 944 адам

вакцина салдырды.

Ревакциналанғандар саны – **5 104 446**

● **KAZHYDROMET.KZ**

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

6.08.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

7.08.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+35 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №90 (6225) 6 тамыз, сенбі, 2022 жыл.

● **ӘКІМ**

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Қала әкімі аудан тұрғындарымен кезекті кездесуін өткізді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Бостандық ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан келіп түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтты. Кездесуге 300-ден астам адам келді.

2

● **БРИФИНГ**

АУЛАЛАР АБАТТАНЫП, САЯБАҚТАР АШЫЛАДЫ



Қоғамдық кеңістікті дамыту туралы Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Абдулдаев Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде мәлімдеді.

5

● **ҚЫСҚА...**

- Үкімет басшысы жеке бизнес өкілдерімен Отандық кәсіпкерлер кеңесінің кезекті отырысын өткізді.
- Педагогтердің республикалық Тамыз конференциясы басталды.
- Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінде 250-ден астам бос жұмыс орны бар.
- Жоғары атаққа ие болған педагогтер біржолғы төлемақы алады.
- Мегаполиске 2023 жылы мемлекет қажеттілігі үшін қанша жер телімі алынатыны белгілі болды.
- Көлсай көлдері ұлттық саябағына баратын жол салынады.
- 2024 жылы бүкіл Қазақстанда 5G қолжетімді болады.

www.almaty-akshamy.kz





ӘКІМ

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ

Қала әкімі аудан тұрғындарымен

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Басы 1-бетте)

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРМЕК

Қала әкімі Ерболат Досаев атап өткендей, Бостандық ауданының негізгі проблемасы жаппай және нүктелі құрылыс болып қалуда. Соңғы жылдары ауданда тұрғын үй құрылысының қарқыны әлеуметтік нысандар құрылысынан әлдеқайда асып түсті. Бүгінде Бостандық ауданында белсенді құрылыстың 6 алаңы бар.

Мәселені жүйелі шешу үшін маусым айында қала құрылысы регламентіне толықтырулар енгізілді. Нәтижесінде Абай даң-

ғылынан оңтүстікке қарай және әл-Фараби даңғылынан солтүстікке қарай 9 қабатқа дейінгі тұрғын үйлердің қабаттылығы шектеліп, әлеуметтік нысандар салу бойынша міндетті талап енгізілді. Құрылыстың жаңа ережелері бойынша жұмыс басталып кетті. Ерболат Досаев аудан тұрғындарын алаңдатып отырған құрылыс жұмыстарын жеке атап өтті.

«Мега Алма-Ата» СОСО аумағындағы тұрғындарды әлеуметтік нысандармен қамтамасыз ету үшін саябақ аймағы бар 500 келушіге арналған емхана құрылысына жер телімі сатып алынды. Әл-Фараби – Гагарин даңғылында 1000 орынды мектеп, әл-Фараби–Радостовец даңғылында 120 орынды балабақша салу жоспарлануда. Құрылыс 2024 жылы аяқталады.

Ағымдағы жылдың қазан айында АДК ауданында «Аква-

рель» ТК-де әрқайсысы 150 орынды 2 балабақша ашылады. 2023 жылдың екінші жартысында 900 орынды мектеп, 180 орынды балабақша, полиция пункті мен сквердің құрылысы басталады. Қыркүйекте №65 мектеп жанынан 300 орынды қосалқы нысан құрылысы басталады, мектеп құрылысы келесі жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқталады.

9 ҚАБАТТАН БИІК ҒИМАРАТТАР САЛЫНБАЙДЫ

№2 автопарк ауданында құрылыс салушы «ВІ group» ЖШС тұрғын үй кешені құрылысының жобасын түзетуде, ол 900 орынды мектепті, 300 орынды балабақшаны, 1,2 га жасыл аймақты қамтитын болады. Бұл ретте тұрғын үй кешенінің қабаттылығы 9 қабаттан аспайды.

Сәтбаев–Шағабутдинов ауданында – бұрын осы аумақта 11 үйі бар 2 ТК құрылысы қарастырылған болатын. Бүгінде құрылыс салушы жобаны қайта қарап жатыр. Үйлер санын 11-ден 5-ке дейін қысқарту жоспарлануда. Босатылған аумақта ауданы 1 га саябақ, сквер, тұрақ және әкімшілік ғимараттар болады.

Абай даңғылы бойынша Алматы қаласының құрылуын қолдау аясында құрылыс салушы Абай даңғылы бойындағы 20 линия–Мыңбаев–Кәрімов–Абай даңғылының шаршы алаңында шамамен 60 сотық жер учаскесін сатып алу туралы меморандумға қол қойды. Бұл аумақта құрылыс салушымен бірлесіп балабақша, променадтық аймақ, спортпен айналысуға арналған алаң, балалар алаңы, сквер салу жоспарлануда.

«Рамс сити» ТК құрылыс салушы – бұрынғы жеміс консерві

комбинатының ауданы бойынша үйлер санын 57-ден 37-ге дейін азайту үшін жобаны қайта қарады. Бұл ретте жоба әлеуметтік нысандардың құрылысымен толықтырылды: 1100 орынды мектеп, учаскелік полиция пункті, әрқайсысы 120 орынды 2 балабақша. Бұдан басқа, құрылыс салушы учаскенің солтүстік және оңтүстік жағынан абаттандыру және көгалдандыру үшін шамамен ауданы 1,3 га жер учаскелерін алып қою рәсімін жүргізеді.

«ЮЖНЫЙ» САЯБАҒЫНЫҢ АУМАҒЫ ҰЛҒАЯДЫ

Қала басшысы тұрғындардың өтініші бойынша Южный саябағындағы жер телімін қайтару жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. 19 сәуірде осы учаскені қайтарып алу туралы қаулы қабылданды, бірақ оның несі өтем-ақы сомасымен келіспейді. Сондықтан әкімдік экономикалық сотқа мемлекеттің қажеттілігі үшін жер учаскесін мәжбүрлеп алу туралы талап-арыз берді. Оң шешім қабылданған жағдайда «Южный» саябағының аумағы 2,8 га ұлғаяды.

Әкім тұрғындарды әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстарының барысымен таныстырды. Аудан мектептерінде оқушы орындарының тапшылығын төмендету үшін маусым айында №146 лицей мен №191 мектеп жанынан әрқайсысы 300 орыннан 2 қосымша құрылыстар аяқталды. 1 қыркүйекке дейін 275 орынды №125 мектепке қосымша нысан пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, Алматы әкімдігі «Әділет» колледжінің иелігіндегі 600 орынды №94 мектеп алаңының бір бөлігін сатып алды. Осы жылдың соңына дейін балалар толыққанды мектепте оқуға кіріседі.

Ерболат Досаев, сондай-ақ, сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін

СҰРАҚ-ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қалыптасқан дәстүр бойынша Бостандық ауданының тыныс-тіршілігіне қатысты баяндамадан кейін көпшіліктің көкейтесті сұрақтарына жауап берді.

Алғашқы сұрақтардың бірін қойған Әсел есімді қала тұрғыны Каблуков көшесі, 91 мекенжайында орналасқан арнайы мектептің жөндеу жұмыстары қашан аяқталатынын сұрады.

– Бұл мектеп үш жылдан бері салынуда. Сіз өткен кездесуімізде құрылыс жалғасады және қаржыландыру болады деп уәде бердіңіз. Сол кездесуден бір ай өтті, ешқандай құрылыс жұмыстары жүріп жатқан жоқ, өйткені қаржыландыру жоқ. 1 қыркүйекте балалар мектепке қалай барады? Жөндеу жұмыстарының жартысы да орындалмады. Неліктен мүгедек балалар әртүрлі мектептерге баруы керек? – деді Әсел.

– Мен сізге 1 қыркүйекте мектеп ашылады деп сөз бердім. Бірақ мәселе әкімшіліктің қаржыландырмай жатқандығында емес. Жұмысты аяқтау үшін мердігер компанияның қаражат айналымы жеткіліксіз. Қазіргі уақытта біз ЖСК (жобалау-сметалық құжаттама) түзетуін жүргізіп жатырмыз. Қыркүйек айында жөндеудің болжамды сомасы 10 млн теңгені құрайды. 30 қарашада асхана мен мектеп жанынан салынған ғимаратты аяқтауға тырысамыз. Мен уәде бергенімдей, №9 арнайы мектепті өзімнің жеке бақылауыма ұстаймын, – деп жауап берді әкім.

Келесі сұрақтардың бірі «Қазақфильм» ықшамауданында орналасқан автотұраққа байланысты қойылды.

– Мен «Қазақфильм» ықшамауданы тұрғындарының атынан келіп тұрмын. Біздің 280 орынды жалғыз автотұрақты жауып, оның орнына жаңа тұрғын үй кешенін салмақшы. Бұл тұрақ «Қазақфильм» негізін қалаған кезден бар. Ол жабылып қалса, біз көліктерімізді қайда қоямыз? Сондай-ақ, автотұрақтың бағасы соңғы уақытта екі есе өсті, соны төмендетуге бола ма?

– Бұл жеке жер болғандықтан, автотұрақтың бағасына қатысты көмектесе алмаймыз. Ал құрылысқа байланысты айтар болсақ, бұл жер сатылған. Әзірге әкімшілік осы аумақтағы жұмыстарды тоқтатып тұр. Менің орынбасарым ықшамаудандарыңызға бірнеше рет барғанын білесіздер. СЖТ (сәулет-жоспарлау тапсырмасы) берілмейінше, құрылыс жұмыстары жүргізілмейді. Одан бөлек, тағы бір мәселе бар. Бұл жерде жол өте тар. Сондықтан автотұрақтың өзі қайда тұратынын анықтау керек, – деді Ерболат Асқарбекұлы.

Бостандық ауданының тұрғыны қаланың экологиялық жағдайына алаңдаушылық білдірді.

БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕНІҢ

– Қала маңындағы өзен-көлер көбіктеніп, ластанып кеткен. Ал осы Атакент аумағының бәрі құрғап жатыр. Бізде асфальтқа ғана су шашады да, көшедегі көгал суарылмайды. Сондай-ақ, жолдардың сапасына мән беру керек.

Сұраққа жауап берген шаһар басшысы қаланы көгалдандыру мақсатындағы жобаларға нақты тоқталып өтті.

– Атакент аумағындағы жерді біз коммуналдық меншікке алдық, олар біраз уақыт иесіз тұрған. Қазір Атакентті қалпына келтіру және қосымша көгалдандыру бойынша жеке жоба дайындалуда. Келесі жылдан бастап осы аймақты жаңғыртуды бастаймыз. Сонымен қатар, біз қаладағы көгалға күтім жасаудың жаңа ережелерін қабылдаймыз. Қазіргі уақытта қалаға жаңа су құю жүйелері қажет. Өйткені, арық жүйелері көк жайды суару үшін бұрынғыдай тиімді емес. Экологиялық жағдай қазір нашарлады.

«Орбита-4» ықшамауданының тұрғыны Тұңғыш Президент саябағында қоғамдық дәретханалар орнатуды сұрады.

– Біз Тұңғыш Президент саябағында балаларымызбен жиі серуендейміз. Жалпы, паркте қарт кісілер де жиі жүреді. Саябақ іші үлкен әрі кең. Бірақ бір мәселе бар – саябақ аумағында дәретханалар жоқ. Иә, кіре берісте дәрет-

хана орналасқан. Алайда, олардың да жағдайы оңып тұрған жоқ және жиі жабық тұрады. Сізге үлкен өтініш – саябақ ішіне дәретханалар орнатыңыз. Өйткені, қаланың басты саябағы – шаһар бейнесі, – деді ол.

– Қазіргі уақытта қоғамдық дәретханалар бойынша жоба дайындалуда және бұл жобаның ішіне сіз айтқан төрт дәретхананы жөндеу де кіреді. Жоба бойынша парктің ішіндегі әртүрлі нүктелерде дәретхана орнатылады. Өкінішке орай, біздің қаламыздағы қоғамдық дәретханалар жеке-дара мәселе. Қазір мегаполисте жаңадан орнатылған 20 дәретхананы қабылдадық, – деп жауап берді қала әкімі. Сондай-ақ, Е.Досаев өзінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыровқа балалар мен қарттар үшін дәретханаға дейінгі арақашықтық алыс болмайтындай қосымша дәретханаларды жобаға қосуды тапсырды.

Кезекті сұрақты қойған Марат Бекембаев қаладағы BRT (автобус жолағы) тиімсіздігі туралы шағым білдірді.

– Мен «Алмагүл» ықшамауданында 46 жыл тұрып келе жатырмын. Сондықтан осы аймақтағы барлық мәселелерден хабарым бар. Біздегі басты мәселе – ауаның ластануы мен көлік кептелісі. BRT кесірінен жол мәселесі күрделене түсті. Кептеліс көбейді. Оған қоса, бұрын адамдар қауіпсіздігі үшін жол астындағы өткел



БОЛАШАҒЫ ЗОР

кезекті кездесуін өткізді

әрқайсысы 500 келушіге арналған 2 емхана салу жоспарланғанын хабарлады. Оларды енгізу қолданыстағы жүктемелерді 30 мың адамға азайтады.

Ерболат Досаев атап өткендей, бұрын өткен кездесуде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жерүсті жаяу жүргіншілер өткелінде лифтілер мен пандустардың қолжетімділігі мәселесі көтерілген болатын. Көктемде жерүсті және жерасты өткелдерін тексеру барысында 2 ақаулы көтергіш анықталды. Лифтілер мен көтергіштерді ағымдағы жөндеуге биыл 6 млн теңге бөлінді. 1 қарашаға дейін қалпына келтіру жұмыстары аяқталады. Көтергіштерге қолжетімділік үшін әмбебап кілттер жасалды, олар барлық жүгінген адамдарға беріледі.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМИ ТҮСПЕК

Әкім тұрғындарды инженерлік инфрақұрылым мәселелері бойынша жұмыс барысымен таныстырды. Әл-Фарабидің оңтүстігінде, «Ерменсай» шағынауданында тұратын халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін тазарту құрылғылары салынады. «Нұрлытау» шағынауданында сумен жабдықтау және су бұру бойынша ЖСК әзірленуде. «Нұрлытау» бойынша желілердің әрқайсысының ұзындығы 50 км. Бұл ауызсумен ауданның 10 мың тұрғынын қамтамасыз етеді.

Ерғожин, Ганди көшелерінде, «Орбита-4» шағынауданында ұзындығы 1,6 шақырым жылу желілерін қайта жаңарту жүргізілуде. Бұл 546 көппәтерлі тұрғын үйге, 20 білім беру объектісіне және 12 денсаулық сақтау объектісіне үздіксіз жылу беруді қамтамасыз етеді.

Тағы бір өзекті мәселе – жол инфрақұрылымын дамыту және абаттандыру. Алғашқы кездесу кезінде тұрғындар әкімге Асқаров және Биокотбинатская көшелеріне жөндеу жұмыстарын

жүргізуді сұрады. Бүгінгі таңда бұл жұмыстар орындалды.

Сонымен қатар, 65 көшенің ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталып, жалпы ауданы 8248 шаршы метр болатын әрі ұзындығы 14,5 шақырым 17 көшеде орташа жөндеу жұмыстары басталды, тамыз айынан бастап 4 көшенің асфальтын ауыстыру жоспарлануда.

Биыл «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында 800 млн теңгеге 21 жоба жүзеге асырылуда. Бүгінде 11 нысан бойынша жұмыстар басталды. Барлық жобалар 1 қарашаға дейін аяқталады. Сондай-ақ, жыл соңына дейін 80 аула аумағына күрделі жөндеу жүргізіледі.

Аудан бойынша 6 су басу учаскесі анықталды, олар ағымдағы жылдың соңына дейін ТЖ желісі бойынша жойылатын болады, 2023 жылдың соңына дейін 60 шақырым арық желілерін қайта құру және салу жоспарлануда.

Кездесу барысында қала әкімі жол қозғалысы қауіпсіздігі ең маңызды және өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтті. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауданда 99 «Сергек» камерасы, адамдар көп жиналатын жерлерде Алматы қаласы ПД ЖБО-ға шығарылған 110 бейне мониторинг жүйесі орнатылған. Жыл соңына дейін 40 бейнебақылау камерасы орнатылады.

Алматы қаласының әкімімен кездесу барысында тұрғындар жолдарды, көріз және электр желілерін жөндеу, абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізетін болады.

ШЕШІМІ ТАБЫЛАДЫ

жасалса, қазір көрінген жерге жаяу жүргіншілер жолағын сызуда. Бұл жағдайды одан сайын ушықтырады, – деді тұрғын.

– Қала ішіндегі автобус жолағы туралы жауап берсем, мұндай тәжірибе әлемнің барлық мегаполистерінде бар. Тек BRT жоспар бойынша дұрыс жасалып, тиімді қолданылуы керек. Біз шаһардағы автобус жолақтарын қалыпты жағдайға келтіру үшін оны қайта қарау және оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Ал жаяу жүргіншілер жолағын қою туралы мәселені әлі қарастырамыз. Қалада, әсіресе, орталық аудандарда адамдар пайдаланбайтын жоласты өткелдері көп. Осы жолдармен тұрғындарымыз қайта жүру үшін алдағы уақытта жерасты өткелдеріне жөндеу жұмыстарын өткіземіз.

Автобус жолағына қатысты Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Ғани Мырзаханов та пікір білдірді:

– Ерболат Асқарбекұлы, BRT желісі бойынша шамамен 120 000 жолаушы тасымалданады, бұл аймақта BRT желісі өте жақсы жұмыс істеп тұр. Желі бойынша күніне 2000 автобус жүріп өтеді, – деді ол.

Келесі сұрақ ауданда жаңа мектеп салыну жөнінде қойылды.

– Мен екі баланың анасымын. Бәсенова, 14 мекенжайында орналасқан №73 мектеп-гимназиясы жайлы сұрақ

қойғым келеді. Біздің мектеп өте ескі. Оған қай кезде күрделі жөндеу жасалады? Мектеп жанында көпқабатты үйлер де көп, ал сыныптар лық толы. Орын жетіспейді. Осы жайттар ескеріліп, жаңа мектеп салына ма?

Айтылған сұраққа Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева жауап берді:

– №73 мектептің сейсмостұрқықтылығын күшейтуге және жапсаржайға ЖСК (жобалау-сметалық құжаттама) әзірленуде. Мемлекеттік сараптама шыққаннан кейін әлеуметтік жауапкершілік аясында мектеп жанынан қосымша құрылыс салынады. Мемлекеттік сараптама жыл соңына дейін шығады. Ал келесі жылдың басында құрылыс басталады, – деді Ләззат Әуесханқызы.

Бостандық ауданының кәсіпкері Әуезов–Тимирязев қиылысындағы көше саудасына назар аударуды сұрады.

– Бұл базар бізде несіз, онда ешқандай тазалық ережелері сақталмайды. Саудагерлер қалаған затын сатады, сондықтан арықтарда қоқыс жиналады. Осы жақында жаңбыр жауып еді, барлық арықтар бітеліп қалды. Сосын су көшеге шығады, ал қоқыс төмен қарай ағады. Бұл базармен қанша күрессе де, ешқандай өзгеріс жоқ – адамдар көше бойымен бұрын қалай сауда жасады, қазір де солай жасап келеді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Сізден тиісті шара қолдануыңызды сұраймын, – деп тұрғын өтініш білдірді.

– Ұйымдастырылмаған саудаға қатысты бізде жаңа ережелер қабылданады, біз оларды әзірледік. Алдағы уақытта қалалық Полиция департаменті заң бұзушыға айыппұл салып, базарларды жаба алады. Қазір ереже әзірленіп, ҚР Әділет министрлігінің қарауына жіберілді. Ағымдағы

жылдың 15 тамызына дейін олар біз ұсынған ережені қабылдайды деп үміттенеміз, – деді шаһар басшысы. Алматы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқалыков бұл ақпаратты растап, ереже бекітілген 10 күннен соң заң дереу күшіне енетінін хабарлады. Ереже қабылданғаннан кейін қала әкімшілігі мен Полиция департаменті Бостандық ауданында ғана емес, бүкіл қалада заңсыз стихиялық саудаға қарсы күрес жүргізбекші.

P.S.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Бостандық ауданы тұрғындарымен екінші кездесуіне 300-ге жуық тұрғын қатысты. 3 сағатқа созылған жиын барысында барлығы 100-ден астам сұраққа жауап берілді. Шаһар басшысы сұрақ-жауап кезінде тұрғындардың жеке өтініштері мен жалпы қала әлеуетіне қатысты қойылған сұрақтардың шешімін айтып, тиісті мекемелерге тапсырма берді.

Дайындаған Досбол АТАЖАН.



КЕЗДЕСУ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КҮШЕЙЕ ТҮСЕДІ



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ДДҰ бас директоры Тедрос Гебрейесуспен кездесті.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Гебрейесуспен кездесу барысында денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты нығайту, оның ішінде COVID-19-ға қарсы іс-қимыл, мамандарды оқыту және жаңа технологияларды тарту мәселелері талқыланды. Кездесуе сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният та қатысты.

Талқылау барысында Алматы қаласындағы эпидемиологиялық жағдайдың тұрақты болып қалатыны – қаланың «жасыл» аймақта тұрғаны, коронавирустық инфекциямен күресу үшін қа-

жетті ресурстармен қамтамасыз етілгені және ДДҰ ұсынымдарын ұстанатыны атап өтілді. Қала басшысы Ерболат Досаев COVID-19 қаланың денсаулық сақтау жүйесіндегі әлсіз жерлерді ашқанын атап өтті.

«Пандемия бірінші кезекте нені жақсарту керектігін көрсетті және біз қажетті жұмыстарды жүргізуге ниеттіміз, оның ішінде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің (МСАК) ықпалы тұрғысынан көрсетті. Біз қаладағы жағдайды жақсартуға ниеттіміз. Ол үшін медициналық мекемелерге жөндеу және жаңғырту жүргізуді, кадрлық әлеуетті күшей-

туді және ДДҰ-ның озық практикалары мен ұсынымдарын іске асыру алаңына айналдыруды жоспарлаудамыз. Келесі 2-3 жыл қалалық денсаулық сақтау жүйесін реформалау үшін өте маңызды», – деді Алматы қаласының әкімі.

Өз кезегінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басшысы Тедрос Гебрейесус қала басшысын қолдады. Алғашқы медициналық-санитарлық көмектің маңыздылығын атап өтті және Қазақстанның осы саладағы тәжірибесін жоғары бағалады (Қазақстан МСАК-тың Отаны болып саналады, МСАК жөніндегі Алматы декларациясы 1978 жылғы 12 қыркүйекте қабылданды, 2015 жылы Алматыда МСАК жөніндегі ДДҰ-ның офісі ашылды).

«ДДҰ әлемге көптеген мүмкіндіктер беретін алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығына шоғырланған. Келесі жылы Нью-Йоркте медициналық сақтандырумен жалпы қамту бойынша жоғары деңгейдегі кездесу өтеді. Біз Қазақстанның өзімізбен бірге жұмыс істегенін және алғашқы медициналық-санитарлық көмек аспектілері бойынша жетекші рөл атқарғанын қалаймыз», – деді Тедрос Гебрейесус.

Тараптар Алматы аумағында жұмыс істейтін ДДҰ-ның МСАК жөніндегі географиялық жағынан қашық орналасқан өңірлік офісі аясында ынтымақтастықты күшейту туралы уағдаласты.

Қала басшысы Алматының денсаулық сақтау саласын дамыту үшін озық әлемдік тәжірибе мен үздік практиканы пайдалануға аса мүдделі екенін атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БРИФИНГ

ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР ҚАЖЕТ

Алматының өртке қарсы қызметінде 250 бос орын бар

Кеше Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Азаматтық қорғау органдарына қызметке қабылдау шарттары» тақырыбына арналған онлайн форматта брифинг өтті. Баспасөз мәслихатында Алматы қаласы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің басшысы Айдар Скабаев қызметке орналасу шарттары мен артықшылықтары туралы айтып берді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Спикер ТЖ министрінің бұйрығына сәйкес ағымдағы жылдың 6 қаңтарында Алматы Төтенше жағдайлар департаменті Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі жеке құрамының штат саны ұлғайтылғанын хабарлады.

ӨКҚ брифингінде Айдар Скабаев қазір 250-ден астам бос лауазымдар бар екенін айта келіп, оның ішінде қатардағы және кіші басшы құрам, атап айтқанда, өрт сөндірушілер мен жүргізушілер бар екенін айтты.

«Бізге қызметке жасы 18-ге толған және 35 жасқа толмаған, мерзімді әскери қызмет өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары орналаса алады. Орта мектепті бітірген, кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын, сондай-ақ, қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған азаматтар қабылданады. Үміткер жеке және іскерлік қасиеттері, дене дайындығы, денсаулық жағдайы бойынша өзіне жүктелген қызметтік міндеттерді орындауға қабілетті болуы тиіс», – деп түсіндірді Алматы қаласы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің басшысы Айдар Скабаев.

Азаматтық қорғау органдарындағы қызмет Мемлекеттік жұмысқа теңестірілген, ал өрт сөндіру бөлімінің қызметкері ретінде мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй алу үшін кезекке тұруға болады.

Өрт сөндірушілер мен құтқарушылар тегін нысанды киіммен қамтамасыз етілген. Ал зейнетке шығу шекті жасқа

48 жасқа толғанда немесе кемінде 25 жыл жұмыс өтіліне жеткенде жүзеге асырылады.

«Жоғары білім болса мансаптық өсу арқылы офицерлік лауазымға аттестациялануға мүмкіндік бар», – деп қосты спикер.

Қызметке қабылдау бірнеше кезеңге бөлінеді. Біріншіден, ТЖМ органдарына түсуге өтініш білдірген кандидат туралы мәліметтер қарастырылады. Екіншіден, оның қызметке жарамдылығы тексеріліп, медициналық комиссияға жіберіледі. Үшіншіден, егер медициналық көрсеткіштер бойынша шектеулер болмаса, оны физикалық нормативтерден өтуге және әңгімелесуден өтуге жібереді.

Өрт сөндіруші лауазымына үміткер кейін Көкшетау қаласындағы Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясына 35 күнге, жүргізуші санаты бойынша 14 күнге оқуға жіберіледі.

Оқу орталығының тыңдаушылары оқу кезеңінде бюджет қаражаты есебінен тамақпен және тұрумен, сондай-ақ 113-тен 117 мың теңгеге дейінгі жалақымен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, спикер 2022 жылғы 11 шілдеде «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер қабылданғанын, онда қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына кандидаттардың тестілеу тапсыру және жеке қасиеттерін бағалау қысқартылғанын (2022 жылғы 11 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі) қосты.

«Қабылданған заңға сәйкес, азаматтық қорғау органдарының қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына алғашқы кәсіби дайындыққа түсетін тұлғалар, орта басшы құрам лауазымдарына түсетіндерді қоспағанда, заңнаманы білуге арналған тестілеуді және жеке қасиеттерін бағалауды тапсырудан босатылады», – деп атап өтті Алматы қаласы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің басшысы Айдар Скабаев.

Азаматтық қорғау органдарындағы жұмыс туралы толығырақ Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 132 мекенжайы бойынша орналасқан өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің кадр саясаты бөлімінен немесе **8 (727) 261-28-92** телефоны бойынша білуге болады.



КЕҢЕС

Жемқорлықпен күресте ілгерілеу бар

Қала әкімі Ерболат Досаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша кеңес өткізді



Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Отырысқа аудан әкімдері, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, квазимемлекеттік сектордың басшылары мен қоғам өкілдері қатысты.

Шаһар басшысы сыбайлас жемқорлықты жою үшін паракорлық жағдайларды барынша азайтуға мүмкіндік беретін жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті.

«Мемлекеттік органдардың әрбір басшысын КРІ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданып жатқан шаралары, оның ішінде қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша бағалауды қарастыру қажет», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Асхат Оразханның айтуынша, бүгінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесінде ілгерілеу бар.

«Мемлекеттік қызметшілер өздеріне ұсынған пара туралы хабарлайтын тренд байқалады, кейбір жағдайларда олардың сомасы 70 млн теңгеден асады. Жастар арасында да дүниетаным өзгеруде, әлеуметтік желілерде оқушылар ғимаратты заңсыз жалға беруді жоспарлаған мектеп директорының іс-әрекетіне жүгінді», – деді Асхат Оразхан.

Ағымдағы жылдың 6 айында Алматыда сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлағаны үшін 640 мың теңгеден астам сомаға 3 адам ынталандырылды.

Кездесу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, комплаенс-қызметті енгізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетіктері мен қорытындылары қаралды.

Отырыс қорытындысы бойынша қала әкімі Ерболат Досаев мемлекеттік органдардың басшыларына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, жою және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту бойынша тұрақты жұмыс жүргізуді тапсырды.

САУАЛНАМА

Алматыда урбанистік зерттеу жүргізілуде

Алматы шаһарында «Қала тұрғынының сауалнамасы» атты сауалнама жүргізілуде. Сауалнаманы «Алматы бас жоспары» ҒЗИ» ЖШС Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Қолданбалы урбанистика институтымен бірлесіп әзірледі. Зерттеудің мақсаты – қалалық инфрақұрылымды одан әрі жақсарту үшін идеялар мен ұсыныстарды жинау.

«Жүргізілген сауалнама жауаптарының нәтижесіне қарай біз вернакулярлық аудандардың картасын ала аламыз. Алматылықтар қаланы қалай көргісі келеді, оларды не шабыттандыратыны, нені жақсарту керектігі сауалнамада анықталады. Нақты учаскелер бойынша қалалықтардың қалауын анықтай отырып, біз олардың сапалы өзгеруін жүзеге асыруға тырысамыз. Қаланың дамуына жауапкершілікпен қарайтын, түрлі жобаларға атсалысуға дайын қала тұрғындарының пікірі біз үшін аса маңызды», – деді «Алматы бас жоспары» ҒЗИ» ЖШС директоры, сәулетші Асхат Сәдуов.

Сауалнама қаланың бас жоспары мен дамудың бас жоспарларын сапалы әзірлеуге қажетті база ретінде пайдаланылады. Сауалнама 43 сұрақтан тұрады.

Сауалнамадан «Алматы бас жоспары» ҒЗИ» ЖШС, Q-Lab қалалық жобалар зертханасының, Алматы қаласы қалалық жоспарлау және Урбанистика басқармасының интернет-ресурстарында, ХҚКО-ларда және метрода өтуге болады.

Сауалнаманың QR-коды LED-экрандарда, аялдамаларда, қоғамдық көлікте қолжетімді.

Айнұр НҮРСАБЕТ.



БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



Мемлекет басшысының биылғы жылды Балалар жылы деп жариялауы қоғамның ең басты құндылығы өскелең ұрпақ екенін тағы да дәлелдей түскендей. Қала көлемінде мерекелі жыл аясында өтіп жатқан іс-шаралар легі толастар емес. Әрине, оның бәрі балаларды қорғауға, олардың денсаулықтарын нығайтуға бағытталып отыр.

Бостандық ауданындағы №69 бөбекжай-балабақша ұжымы да бүлдіршіндерімен бірлесіп, түрлі бағдарламаларға арналған жиындар мен спорттық іс-шараларды өткізіп жатыр. Жалпы, балалардың тұлға болып, ойы да, бойы да қалыптасуы үшін ең алдымен спорттық сауықтыру жаттығуларының маңызы ерекше екені белгілі. Сондықтан балаларды салауатты өмірге қалыптастыру үшін осы бастан спортқа баулу керек. Аталмыш балабақша бүлдіршіндері арнайы сауықтыру құралдары арқылы күн сайын дене құрылысын, бұлшық етті дамытуға арналған жаттығуларды жасайды. Мұндай спорттық жаттығулар, сөз жоқ, бүлдіршіндердің жас ағзаларын төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелейді.

«Біздің басты міндетіміз – балалардың денсаулығын нығайту. Сондықтан жазғы уақыттың денін сауықтыру-шынықтыру сабақтарына арнаймыз», – дейді балабақша тәрбиешілері.

Балабақшада балаларды икемділікке, шапшаңдыққа баулитын спорттық құрылғы-

БАЛАЛАР СПОРТЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ



лар өте көп. Мұндай құралдардың дайын түрлерімен қатар, тәрбиешілердің өз қолдарынан құрап жасағандары да бар. Мәселен, асықтан, түрлі-түсті қарындаштардан, қапқаттардан, тастардан, түймелерден, талшын жаңғақтарынан, т.б. қажетсіз заттардан жасалған құралдардың арнайы зауыттардан шыққан өнімдерден айырмашылығы шамалы. Қайта қолдан жасалған құрылғылар балалардың спорттық жаттығулар жасаған кездерінде қолмен ұстап, еркін қимылдауларына өте ыңғайлы.

«Ақбота» мектепалды тобының тәрбиешісі Динара Белғозиева бүлдіршіндермен

таза табиғат аясында бүгін де спорттық іс-шара өткізді. Бүлдіршіндерге спортты серік етудің маңызы сөзбен емес, іс жүзінде де дәлелденді. Адам ағзасының кей нүктелері табанда орналасқандықтан, балалар тұзды жылы суда жүру арқылы өз денсаулықтарын нығайтты. Майтабандылықтың алдын алуға арналған кілемшелер, нүктелі массажға арналған бүдірлі доптар, тыныс алу жаттығулары арқылы, өкпені дамытуға арналған үрлегіштер, ысқырықтар, шарлар, т.б. қолдан жасалған құрылғыларды пайдалана отырып, салауатты өмір салтының сабақтарын бастады.

ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ

Бірінші сыныпқа барады



Оқу-ағарту министрінің мәліметінше, елімізде 1-сыныпқа баратын балалардың құжаттарын қабылдау аяқталды. Биылғы жылы баласы 1-сыныпқа барғалы отырған 400 мыңнан астам ата-ана өтініш берді.

1-сыныпқа құжаттарды қабылдау толық 4 ай бойы, яғни 1 сәуірден 1 тамызға дейін созылды. Осы уақыт ішінде 400 мыңнан астам өтініш түсіп үлгерді. Балалардың 70%-дан астамы мемлекеттік тілде оқуды таңдап отыр.

Өтініштерді қабылдау тәртібі автоматтандырылған әрі ата-аналар құжаттарды дәстүрлі форматта да, онлайн форматта да тапсыра алды. Тапсырылған өтініштердің 80%-ы электронды форматта берілген.

1-сынып оқушыларының басым бөлігі Абай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында болды. Балаларды қазақ тілінде оқытатын сыныптарға қамтудың жоғары көрсеткіші Қызылорда (89,6%), Ұлытау (86,6%), Маңғыстау (86,2%), Жамбыл (80,4%) облыстарында байқалды.

КЕЗДЕСУ

Тіл білгеннің артықшылығы көп

Корея Республикасының елшілігі жанындағы Корея мәдени орталығында корей тілін үйренгісі келетін, Кореяда оқуға қызығушылық танытқан қазақстандықтармен кездесу өтті.

Аталмыш іс-шараға корей тілін үйренгісі келетін, Кореяда оқуға деген ынтасы зор 824 қазақстандық қатысты. Іс-шараның Instagram-да көрсетілуінің арқасында барлығы уақыт пен кеңістікте

шектеусіз GKS бағдарламасы мен іс-шараға қатысушылармен офлайн-режимінде кездесіп, GKS бағдарламасы туралы практикалық ақпараттармен бөлісті. Іс-шара соңында сұрақтар мен жауаптар секциясы ұйымдастырылды.

Кореяға оқуға баруды армандап, шешім қабылдағандардың барлығына Корея мәдени орталығының директоры Ли Херан алғыс айтты.



ИНДЕТПЕН КҮРЕС

Шектеулер енгізілуі мүмкін бе?

Қазақстанның бас санитар дәрігері Айжан Есмағамбетова көпшілікті күпті еткен «егер өңір «қызыл» аймаққа кірген жағдайда білім беру саласында шектеулер енгізілуі мүмкін бе?» деген сауалға жауап берді.

Бас санитар «Біріншіден – бұл санитариялық-зарарсыздандыруды күшейту, тазалық жүргізу жиілігін арттыру, кабинеттерді желдету, ауаны зарарсыздандыру. Сонымен қатар кіре берісте сүзгі орнатып, педагогтер мен қызметкерлердің дене қызуын өлшеу сияқты жұмыстар қолға алынады», – деді.



Мектептерде қашықтан оқыту форматы енгізілмейді. Дегенмен, «қызыл» аймаққа түскен өңірлерде мәдени, тәрбие іс-шараларын, сынып және ата-аналар жиналыстарын өткізуге тыйым салынатынын да жоққа шығармады.

«Балабақшаларда топтарды біріктіру арқылы өткізілетін іс-шараларға тыйым енгізіледі. Мектептерде жоғары, орта және төменгі сынып оқушыларын бөлектеу жүргізілуі мүмкін. Бұл олардың мүмкіндігіне бір-бірімен кездеспеуі үшін жасалады», – деді бас санитар дәрігер.

ЖОБА



Арнайы концепция әзірленеді

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек «Мүмкіндігі шектеулі жандардың сапалы жоғары білім алу концепциясының жобасын» әзірлеуді тапсырып отыр.

Мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандарға жоғары оқу орындарында бакалавриатқа бөлінетін жеке білім гранттарының мөлшерін 1 пайыздан ұлғайтуды қарастыру мәселесі талқыланған еді. Сонымен қатар, магистратура және докторантураға мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жеке мемлекеттік білім гранттарын бөлу және ЖОО-ның ғимараттарын мүгедектігі бар адамдар үшін жабдықтау туралы да кеңінен сөз болды. Сонымен қатар, елорда әкімдігі биылғы жылы әлеуметтік осал топқа жататын елордалық түлектердің ЖОО-ларда білім алу ақысын төлейтін болып отыр.



КӨРМЕ

ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ ӨМІР

Картиналардағы көріністер тарихқа мойын бұрғызды

«Almaty Gallery» мұражайында Сергей Пожарскийдің «Жібек жолы бойынша саяхат» атты жеке шығармашылық көрмесі ашылды. 43 картинадан тұратын эсерлі топтама Ұлы Жібек жолының тарихын бейнелейді, ол арқылы Батыс елдеріне тауарлар ғана тасымалданып қоймай, мәдениет пен тілдің, діндердің де таралғандығын байқауға болады.

**Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Көрмеге келушілер археологиялық қазбалар жүргізілгенде табылған олжаларды да тамашалай алады. Шығармалар әр дәуірдегі көшпелілердің өмірін жан-жақты жеткізіп, көркемдік қана емес, этнографиялық құндылықты да бейнелейді.

Экспозицияны Қазақстан Өнер академиясының президенті Амандос Ақанаев ашты. Ол Сергей Пожарскийдің бірегей және сирек кездесетін шебер суретші екендігін, оның жұмыстары Қазақстанның және көршілес елдердің барлық жетекші мұражайларында қойылғандығын айрықша атап өтті.

«Сергей Пожарский Қазақстанның мемориалдық, тарихи-өлкетану, этнографиялық мұражайларында көптеген панорамалардың, диорамалардың дүниеге келуіне себепкер болды. Сіз бен біз сыйлайтын көрнекті тұлғалардың көптеген портреттерін салды. Қарап отырсаңыз, мықты суретшілерге үлгі боларлық туындыларды көзіміз шалады. Бұл суретшінің шеберлігінің шындалғанының белгісі», – деді Амандос Ақанаев.

Тарихи оқиғаны жазуда Сергей Пожарский уақыт ағымына, ұрпақтардың қажаттарына, өткен жылдардағы кітапхана материалдарына терең үңіледі. Суретші Өзбекстан, Қазақстан және басқа да елдердің ортағасырлық сәулет өнерінің элементтері мен ерекшеліктерін ашу үшін көп күш жұмсаған. Ол көне Тараз, Қызылорда және Алматы қалаларында табылған қазбаларға археологиялық зерттеу жүргізген. Ежелгі киім-кешек, күнделікті тұрмыс-тіршілікке қажетті құралдар, ыдыс-аяқ, қару-жарақтарға қызығушылық танытқан.

«Көрме ерекше эсерге бөледі. Өзім осындай тарихи туындыларды тамашалағанды жақсы көремін. Себебі, мұндай көрмелер адамдарға ой салады. Халқымыздың тарихын тереннен ұғынуға мүмкіндік береді. Өзім дизайнерлік мамандықты оқы-

сам да, болашақта археологиялық жұмыстармен айналысқым келеді. Бұл – менің бала кезден бері келе жатқан арманымның бірі. Осындай ұлттық құндылықтар мен тарихтан тағылым беретін көрмелердің арқасында этно-стильдегі киім үлгілерін жасау туралы ой келеді. Сол себептен, осындай көрмелердің көптеп ұйымдастырылғанын қалаймын», – дейді Айназ Есалы есімді көрермен.

Экспозициядағы ерекше туындының бірі «Жолдағы демалыс» деп аталады. Монументалды кенеп Жамбыл облысындағы ең көркем жер «Айжантасты» бейнелеген. Сикырлы туынды ол қою көк, күңгірт көк реңктер палитрасымен ерекшеленіп қана қоймайды, сонымен бірге тарих ағымы осында тоқтап тұрғандай. Найзағай уақыт ағынын бұзады. Саяхатшыларды найзағаймен, қорқынышты оқиғалардың белгісімен тоқтатты, мүмкін адамзаттың қайда бара жатқаны туралы ойлауға бұйрық берген болар.



Көрмені тамашалай отырып, Сергей Пожарскийдің есімі Қазақстанның және жақын шетелдің мұражайларында кеңінен танымал екендігін байқадық. Картиналар, дөңгелек диорамалар, панно, панорамалар ҚР мен ТМД елдерінің көптеген өлкетану мұражайларында қойылған.

«Мен әлемнің түрлі мұражайларын аралап шықтым. Онда палеонтологиядан бастап қазіргі заманға дейінгі кезеңдердегі адамдарды, оқиғаларды – бәрін-бәрін шынай жеткізуге тырысады. Мұражайды аралап отырып, сол елдің тарихымен, мәдениетімен, ұлттық сана-сезімімен таныс боламын. Біздің елімізде де Орталық мұражайдан қазақ халқының тарихын байқауға болады. Алайда, шынайылықты байқай алмайсыз. Сондай-ақ, еліміздің осы күнге дейін өткен-кеткен оқиғаларының әр детальдарына терең тоқтала қоймағандығын байқауға болады. Ал мен осы оқиғаларды толықтыруға, әр жайтты, оқиғаны ашуға

тырысамын. Болашақ шәкірттеріме әр шығармаларына ерекше мән беру керектігін, әсіресе, тарихи туындыларды салуда ыждағатты болу керектігін айтып отырамын», – дейді суретші Сергей Пожарский.

Экспонатқа қажетті кескінді беру үшін бірден бірнеше жанрда жұмыс істеген ол, сондай-ақ, тарихи, жауынгерлік, тұрмыстық жағдайларды да шебер бейнелеген. Бұл көрмені суретші екі жыл күткен. Еліміздегі карантиндік шектеулерге байланысты былтырғы жылы бұл шара өткізілмеген. Осыдан төрт жыл бұрын Марлан Нысанбаев Сергейдің шеберханасына бірінші рет барып, оны жеке көрме ұйымдастыруға көндірген.

«30 жылға дейінгі ғұмырында ол сурет салумен айналысты. Бірінші рет оның шеберханасында болғанымда, мұндай туындыларды халық та көруі қажет деген ойға оралдым. Осылайша оның көрмесінің көркемдік жетекшісі мен боламын деп келістік. Көрмені ұйымдастыруды өз мойныма алдым. Жарнама жағын, қонақтарды шақыруды, БАҚ өкілдеріне хабарлауды қолға ала бастадым. Қарап отырсам, менің ұйымдастырушылық қабілеттерім де пайда бола бастады», – дейді ұйымдастырушы Марлан Нысанбаев.

Көрмедегі «Ортағасырлық базар» атты көркем туынды көрермендердің көңілінен шығып, жылы лебізіне бөленді. Шығармада бекініс қабырғасының артында бірнеше жүз адам саудаласып, тауар сатып жатқан көп фигуралы композиция қойылған. Сондай-ақ, мұнараға шыққан азаншы рухани азықтан дем тағып, құптан намазына шақырады. Мұнда барлығы ғылыми дәлелденген, тарихи оқиғаға негізделген.

«Көрмеге келгеніме, тарихтан тағылым алып жатқанымға қуаныштымын. Әр шығармадан қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен хабардар болуға

болады. Қаламызға келген қонақтарды ең алдымен осы көрмеге шақырар едім. Қазақ халқының тарихына, мәдениетіне терең бойлай бастайтын еді. Мұндай көрмелерді менің ойымша жастар көбірек тамашалау қажет. Ұлттық құндылықтардан нәр алған жастарымыз болашақта елімізді өркендетеді деген сенімдемін», – дейді көрермен.

Қызықты оқиғалар Сергей Пожарскийдің картиналарының кеңістігінде ғана емес, шынайы өмірде де болды. Көрменің ашылу салтанатында кенеттен жарық сөніп қалды. Өнер кеңістігінің жетекшісі Наргиз Әліп көрермендерді сыртқа шығуға шақырды, онда картиналарды талқылау жалғасты. Ашық аспан астында адамдар алған әсерлерімен бөлісті. Содан кейін әріптестері, көрнекті суретшілер Сергей Пожарскийді алғашқы жеке көрмесімен құттықтады.

Ал суретші Сергей Пожарский мен көрмені ұйымдастырушы Марлан Нысанбаевқа Қазақстан Өнер академиясының президенті Амандос Ақанаевтың қолынан «Ұлы әле таранды» алтын медалін кенеттен табыстауы көңіл-күйді көтерді.

«Мифтік Таранда – бүркіттің басы мен табаны бар жылқы. Ол үш энергияны біріктіреді. Жер-Ана, Көктәңірі – әке. Барлық тіршілік иелері – Құдайдың жаратуы. Тәңіршілдікте, өзіңіз білетіндей, экология барлық нәрсенің негізі. Біздің әлем өте нәзік, оған деген көзқарасқа абай болу керек. Бұл мен көптен бері зерттеп келе жатқан ежелгі скиф мәдениетінің барлық өнеріне енген ерекшелік», – деді Өнер академиясының президенті Амандос Ақанаев.

Осылайша көтеріңкі көңіл-күймен тарқасқан көрермендер суретшіге алғыстарын жаздырды. Тарихтан тағылым берерлік туындылар келушілерге рухани азық бере алды деп сеніммен айта аламыз.

НЕ?**ҚАЙДА?****ҚАШАН?****«Қызыл
телпек»**

Өтетін орны: Алматы қ., Мемлекеттік қуыршақ театры.
Авторы: С.Ефремова, В.Коган.
Режиссері: С.Мақұлбеков.
Ұзақтығы: 45 минут.
Жас санаты: 3+.
Тұрақ: бар.
Күні мен уақыты: 6 тамыз, 14.00.

**«Менің
Қазақстаным»
көрмесі**

Өтетін орны: Ө.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі.
Көрмені ұйымдастырушылар: Қазақстан кинематографистер одағы Игорь Александрович Вовнян-коның 80 жылдығына арналған еске алу іс-шараларының аясында «Менің Қазақстаным» атты фотокартиналар көрмесін ұсынады.
Күні мен уақыты: 8 тамыз, 16.00. Жас санаты: 3+.

**ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ
«СУПЕРБОЛ» ЖОБАСЫНЫҢ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА
ҚАРСЫ ОЙНЫ**

Өтетін орны: Алматы Орталық стадионы.
Сыйымдылығы: 30 000 адам.
Кіру: Абай даңғылы жағынан.
Күні мен уақыты: 7 тамыз, 20.00.
Тұрақ: Көлік жүретін жол бойындағы жерүсті тұрағы.
Назар аударыңыз! COVID-19 инфекциясының таралуын болдырмау үшін мекемеде келушілер Ashyq жүйесі арқылы тексерілуде.

6 ТАМЫЗ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ҚАРСЫ КҮН

ЯДРОСЫЗ ӘЛЕМ – АДАМЗАТТЫҢ АРМАНЫ

Бүгін күллі жаһан халқы ажал аждаһа-сы ауыздықталған дүниежүзілік ядролық қаруға қарсы күрес күнін атап өтеді. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған кезде, 1945 жылы Жапонияның Хиросима қаласына бомба тасталған еді. Бұл – алғашқы атом бомбасы болатын. Дәл сол күннен бастап адамзат баласы ядролық қарудың жойқын күшін көрді, ал зардабын әлі күнге тартып келеді.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Кейбір деректерде Хиросимадағы жарылыстан 80 мың адамның қаза болғаны, мыңдаған адам қасіретке ұшырағаны айтылады. Қаза тапқандар мен зардап шеккендер туралы деректер әлі де нақтыланған жоқ. Халықаралық сарапшылардың болжамынша, 300 мыңға жуық адам бомбалаудың құрбаны болды, 200 мыңға жуық адам радиоактивті сәулеленуге ұшырады. Атом бомбасының құрбандары түрлі радиациялық аурудың салдарынан жыл сайын өсуде. Бұл қасіреттің тұманы қашан сейілетіні де Жаратушыға ғана аян. Ал жапон халқының өкілдері өз халқының басынан өткерген нәубетті ешкімге тілемейтінін айтып келеді.

Ядролық қарудың пайда болуы – адамзат тарихындағы аса маңызды оқиға. Ғылым мен технологияның дамуы өркениетті дамытып қана қоймай, соғыс өнері мен қару-жарақ өндірісінде де үлкен төңкеріс алып келді. Жаппай қырып-жою қаруы ресми 1945 жылы пайда болысымен шілдеде АҚШ-тың Нью-Мексико штатының Аламогордо даласындағы әскери полигонда тұңғыш ядролық қару сынақтан өтті. АҚШ-тан кейін Кеңес Одағы (1949 жылы 29 тамыз), Ұлыбритания (1952 жылы 3 қазан), Франция (1960 жылы 13 ақпан), Қытай (1964 жылы 16 қазан), Үндістан (1974 жылы 18 мамыр), Пәкістан (1998 жылы 28 мамыр) ядролық қаруды сынақтан өткізді.

Жаппай қырып-жою қаруы Хиросима мен Нагасакиден кейін еліміздегі Семей топырағын да ластанды. Чернобыль мен Фукусима атом электростанцияларындағы атомдық энергияларды пайдалану тарихында мыңдаған адамның өмірін қиған ірі апаттар да адамзаттың жадында. Ядролық қаруларға қатысты іс-қимылдар бір немесе бірнеше елдің ғана еншісіндегі іс емес, бұл – адамзаттық мәселе.



«Ядролық қару – адамзат баласын толғандыратын үлкен қатер. Тіпті, әлемнің бір елінде жаппай-қырып жоятын қару барда ғаламды торлаған қауіп бұлты сейілмейді. Адамзат баласы қасіретті апатқа ұшырамау үшін тарихтан тағылым алғанымыз абзал. Жауыздық пен жантүршігерлік қасіретті бастан кешкен халқымыз тек азаттық пен бейбіт күнді көксейді.»



Қазақ елі – зұлмат қарудан өз еркімен бас тартқан алғашқы мемлекет. Тәуелсіздік жылдары еліміздің ядролық әлеуеті Англия, Франция, Қытай секілді алып державаларды қосып есептегенде жете алмайтындай дәрежеде болса да, біз қауіпті қарудан бас тарта білдік. Басқасын айтпағанда, бір ғана Алматыдағы Ядролық физика институты да үлкен ғылыми әлеуетке ие еді. Одан бөлек, Қазақстан әлемдегі уран қоры жөнінен алдыңғы қатарда. Сондықтан ядролық қаруды жасауға қажетті материалдар, ғылыми орта және қаруды орна-



ластыратын және сынайтын шахталар мен полигондар бар болатын. Осындай айбынды мол мұрасы бола тұра Қазақстан бейбітшілікті тандады.

Ядролық қарудан баста тарту арқылы әлемді тыныштыққа шақырып, бейбітшілікті сүйетін ел ретінде өзінің имиджін қалыптастыра білді. Осы мақсатта да 18 млн гектар жерді алып жатқан Семей полигоны 1991 жылы 28 тамызда ресми жабылды. Семейдегі полигонда 40 жылдан астам уақыт бойы Хиросима мен Нагасакидегі жарылыстан мыңдаған есе қуатты жарылыстар болып, сол жердің табиғатына, адамдарының өмірі мен денсаулығына орасан зор зиян келтірілді.

Бүгінге дейін әлемде ядролық қаруды таратпауға байланысты бірқатар халықаралық шарт қабылданған. Соған қарамастан, кейбір алпауыт елдер әлі де әлемге «қызыл нүктені» меңзеп, айбат шегіп қояды. Қазіргі әлемдегі ядролық-державалардың саны ресми бесеу. Олар – АҚШ, Ресей, Қытай, Ұлыбритания және Франция. Ал Үндістан, Пәкістан, Израиль, ресми мойындамаса да, іс жүзінде ядролық арсеналға ие деп саналады. Айта кетерлігі, әлемдегі ядролық қарудың 90 пайыздан астамы АҚШ пен Ресейге тиесілі.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

«Қайырлы түн, анашым»



Өтетін орны: М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры
Күні мен уақыты: 12 тамыз, 19.00.
Авторы: Марша Норман.
Режиссер: Барзу Абдураззаков.
Суретші: Кристина Майер.
Рөлдерде: Зарина Кармен, Дария Жүсіп.
Жас шектеуі: 12+.



«ҚАЗАҚТАР ӨЗГЕ ҒАЛАМШАРЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Күні мен уақыты: 30 шілде, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.
Өндіріс елі: Қазақстан.
Режиссері: Ален Ниязбеков.
Басты актерлер: Бауыржан Сатов, Жұлдыз Өмірғали, Дәурен Серғазин, Жахан Утарғалиев.
Жанр: фантастика, комедия.
Ұзақтығы: 105 минут.
Жас шектеуі: 6+.



«САМАЛ САБЫН ЖАСАУ» ШЕБЕРЛІК САФАТЫ

Орналасқан жері: Алматы қ., Қабанбай батыр к-сі, 140 А, pictor кескіндеме студиясы.
Күні мен уақыты: 13 тамыз 14.00.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас шегі: 6+.

Әзірлеген
Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Күнкөрістің қамы ма?

Көше бойын «жабайы сауда» жайлап тұр

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Төле би–Розыбакиев көшесінің қиылысынан сәл төмен көтерме сауда базары (оптовка) маңындағы көрініс адам шоғырлық. Киілген киім, пайдаланылған заттарды саудалайтындардан аяқ алып жүру мүмкін емес. Көшенің оң жақ бөлігінде тіптен көп. Жол жиегін жағалай отырып, заңсыз нәпақа тауып жүрген 50-ге тарта саудагер бар.

Алматы ірі мегаполис ретінде туристер қаласы саналғандықтан қала көркі үшін бұл – үлкен сын. Жол бойынан бастап, базардың айналасы Розыбакиев көшесінің бойымен Төле би көшесіне дейінгі базар маңында «жабайы» сауда қызып тұр.

Адам жүретін жүргінші жолы да, тротуар

да, тіпті, бағдаршамның айналасы да көше саудасының орнына айналыпты. Алмалы ауданының Аружан есімді тұрғыны редакцияға осы мәселе турасында шағымданып, хабарласқаннан кейін біз де барып көрдік. Шынымен, Төле би көшесі мен базар аралығы «жабайы» сауданың ошағына айналып үлгерген. Ол жерге барғандағы ниетіміз – саудагерлермен тілдесу еді. Киілген киімдер мен ұсақ-түйек тұрмыстық заттар сатып тұрған саудагердің айтуынша, базардағы арнайы контейнерді жалға алу тым қымбат.

ТОЛҚЫН, саудагер:

– Қалтамыз көтермейді. Заңсыз екенін білеміз. Үйде пайдаланылмай бос жатқан заттар мүмкін біреу-міреудің қажетіне жарап қалар деп осы жерге әкеліп сатамыз. Сатып алушы іздегенін табады, біз де күнделікті ас-суымызға ақшаны осы жерден

табамыз. Айыппұл салды. Көлемі – 27 мың теңге. Төлемесе 2 есе, яғни 54 мың болады. Тәртіп сақшылары келіп бұл жерден талай мәрте қуған. Бірақ бізге де күн көру керек. Базардағы арнайы орынды жалға алуды қалтамыз көтермейді, әрі ол жерде тек жаңа заттарды ғана сатқызады. Ал біздікі – ескі.

Заңмен белгіленбеген орындарда сауда жасау жағдайы күнделікті кездеседі. Сатушылар арнайы орындарды қымбатсынады немесе салық төлеуден жалтарады. Мәселенің мәңжайын нақтылау үшін жауаптыларды сөзге тартпақ болып едік, олардан нақты, мардымды жауап ала алмадық. Жергілікті жауапты мекеме қызметкерлері бір-біріне сілтеп, «қолдан келер ештеңе жоқ» дегенге келтірді. Аудан әкімдігі тұрғындар шағымын ескеріп, мәселені шешу жолын қарастырса дейміз.

МӘСЕЛЕ

АРНАЙЫ ОРЫНДАР ҚАЖЕТ

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алматыда – «Өзім», «Джет», «Элемент» деп аталатын электрсамокаттар кез келген жерде қалып, ыңғайсыздық жасауда. Тіпті, жол үстінде, адам өтетін жаяу жүргіншілер жолында тұрады. Егер мұндай бейберекетсіздік орын ала берсе, көліктен емес, самокаттардан кептеліс орнайтын түрі бар.

ҚОЛАЙСЫЗДЫҚ ТУДЫРМАЙЫҚ

Мегаполисте күн сайынғы тірлік қызу жүріп жатады. Жыл сайын халық саны артып келеді. Жолдағы кептелістің кесірінен уақыттан ұтылудамыз. Сол себептен де тұрғындар оңтайлы қатынас құралын іздестіре бастады. Самокаттар осыдан келіп туды десе болады. Бүгінде оның түр-түрі шықты. Көпшілігіміз оны сатып алып, жұмыс пен үй арасына қатынас жасап жүрміз.

Бұл бір жағынан өте тиімді болып тұр. Дәлірек айтқанда, диттеген жеріңізге жылдам бара аласыз. Уақыт шығындап, такси мен қоғамдық көлікті күтпейсіз. Алайда, мұның екінші жағы тағы бар. Жалдамалы самокаттарға бей-жай қарау етек алып кетті. Оны тұтынушылар пайдаланудай-ақ пайдаланып жүр. Дегенмен, дәл кісінің жолына, ыңғайсыз орынға қойып кетуде. Сол себепті, қалада біршама қиындық туып жатыр. Осындай мәселелердің алдын алу керек.

АЙНАЛЫП ӨТЕМІЗ БЕ?

Әлемдегі кең қолданыстағы транспорттық құрал бізге де келуде. Соның бірі ТМД елдеріне «гирокутер» деген атпен танымал. Мен өткенде, Абай даңғылымен жүріп, Назарбаев көшесі арқылы төмен түстім. Гогольға жеткенше бірде-бір арнайы станция байқалмады. Жол бойы қаңыраған «Өзім» абонементтері. Қалада бұрындары көліктер кептеліс жасайтын. Енді жалдамалы самокаттар әр жерде кептеліп тұр. Бірі бульварлар аясында, екіншісі көпқабатты үйлер іргесінде, үшіншісі қоқыс жәшігі маңында қалған. Бұл тұрғындарға да қолайсыздық тудыруда. Тротуардың қақ ортасындағы иесіз затты



айналып өтуге мәжбүрсіз... Оның бағасының да тиімсіз екенін екі бозбала айтып қалып жатты. Расында, солай. Мәселен, «Almaty bike» велосипедін бір жылға жалға алу құны 10 мың теңгені құрайды.

Ал «Сіздің 60 минутыңыз» тарифі – 1380 теңге – 23 теңге/минут. Осыны қанша пайдалансаңыз – сонша еселеп көбейе береді. Ойлап көріңіз, қайсысы тиімдірек болмақ?

ТҮЙІН:

Қазір баршамыздың уақытымыз санаулы. Ойлаған ісімізді тез бітіріп, жылдам қайтсақ дейміз. Ол үшін жеңіл қозғалыс құралын іздейміз. Бір жағынан алғанда, ең қолайлысы жалдамалы электрсамокаттар болып тұр. Оның тиімділігін бәріміз көрудеміз. Десе де, соны пайдаланушылар бір нәрсені ескеруі қажет. Самокатты игілігіңізге пайдаландыңыз, ойлаған нысанаға жеттіңіз, енді өзгелерге кедергі етпейтіндей етіп, қоғамға да ыңғайлы, жайлы орынға жайғастыруды сұраймыз. Әйтпесе, өзіңізге ұқсаған қанша жан жолынан қалып, тіпті кішігірім жол-көлік апаты болып қалуы да мүмкін.

Халқымыз әр іске де дана көзқараспен қараған. Ел арасында «Біреуге пайдан тимесе де, зияның тимесін» деп айтылатын тәмсіл ұшырасады. Сол себепті, бұл мәселе көзіқарақты қауым мен самокаттарды жалға беріп жүрген кәсіпкерлердің назарына ілінеді деген ойдамыз. Өйткені, қоғамдағы қолайлы әрі қалыпты тірлік бәрімізге қажет. Аталған мәселелер оңтайлы шешімін тапса деген ой көптің тілегі!

БРИФИНГ

АУЛАЛАР АБАТТАНЫП, САЯБАҚТАР АШЫЛАДЫ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласында барлығы 211 қоғамдық нысан (саябақтар, жағалаулар және т.б.), сондай-ақ 4 табиғи аймақ («Медеу» МАТП, «Баум» тоғайы, «Іле Алатау» МҰТП – 12 219 га, Ботаникалық бақ) бар. Спикердің айтуынша, қала шекарасының кеңеюіне, көлік инфрақұрылымының белсенді дамуына және тұрғын үй құрылысына, сондай-ақ халық санының өсуіне байланысты жаңа қоғамдық аймақтарды ұйымдастыруға қажеттілік туындап отыр. Қалада бірінші кезекте қаланың төменгі бөлігінде жаңа қоғамдық жасыл аймақтар құрылуда. Бұл ретте жаңа саябақтар мен алаңдарды жабдықтау бойынша 10 жоба әзірленуде. ЖСҚ әзірлеуге қаражат бөлуге өтінім берілді.

Жалпы ауданы 206,6 гектарды құрайтын жаңа демалыс аймақтарын құру үшін ЖСҚ әзірленуде. Сайран көлінің жағасында жаңа қоғамдық аймақ құрылады, сондай-ақ Баум тоғайы абаттандырылады. Түркісіб ауданының «Маяк» шағынауданында және Желтоқсан саябағында, сондай-ақ Есентай өзенінің жағалауында қала тұрғындарының демалуы үшін жаңа орындар құрылуда. 2022 жылдың соңына дейін Алматыда төрт жаңа саябақ алаңы құрылып, 4 саябақ қайта қалпына келтіріледі. Брифинг барысында спикер



қалада 4 миллионнан астам ағаш өсетінін айтты. «Алайда, Алматының барлық аудандары жасыл және абаттандыру алаңдарымен мақтана алмайды. Бүгінгі күні жасыл желектермен қамтамасыз ету біркелкі емес. Мысалы, Алатау мен Наурызбай аудан-

дарында жеткіліксіз», – деді Ұлан Абдулдаев.

Ағаштардың жалпы санынан 485 мың жетілген және жасамыз ағаштар негізінен қаланың орталық бөлігінде өседі. Сонымен қатар, Алматыда 84 мың апатты ағаш бар.

МОНИТОРИНГ

БАҒА БАҚЫЛАУДА ТҰР

1 айда негізсіз баға өскені туралы 12 шағым түскен



Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы үй алдындағы азық-түлік дүкендерін аралап, әлеуметтік маңызы бар тауарларға арнайы мониторинг жүргізді. Қала бойынша шілде айында 12 дүкенге шағым түскен. Заңға сәйкес бірінші дүкен иелеріне ескерту жасалады. Ескертуді ескермей, әкімшілік құқық бұзушылық болса, 32 мыңға жуық айыппұл салынады.

Ерлан НАЙМАНБАЙҰЛЫ, Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары:

– 15 пайыздық сауда өсімін тексеру күнделікті жүргізілуде. Барлық ауданның қызметкерлерімен бірлесіп отырып, мониторингтер жүріп тұрады. Бүгін осы дүкенге қатысты тұрғындардың шағымы мен өтініші бойынша азық-түліктің бағасы тексерілуде. Заң бұзушылық анықталды. Соған сәйкес «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 254-бабының 4-тармағына сәйкес ескерту берілді. Бағаны шектен тыс көтеру тағы да қайталанатын болса 10 АЕК айыппұл салынады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



● ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

ДАЛАНЫҢ ДАНАГӨЙІ – ҚАЗЫБЕК БИ

Биыл қазақтың биінің бірегейі – Алаштың абызы, қызыл тілдің хас шебері Қаздауысты Қазыбек бидің туғанына 355 жыл толып отыр. XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ елінің ар-абыройына арашашы болған, ел мен жерді даналығымен жаудан қорғаған небір асыл азаматтарымыз өмір сүрді. Солардың ішінде Қазақ мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатына да, билік жүйесіне де өлшеусіз үлес қосқан тұлғаларымыздың бірі – Қазыбек би.



Қаздауысты Қазыбектің халық ауыз әдебиетіндегі қанатты сөздері

**Арық емес,
қатумын, қара
жерден татумын...**

Ертеде Қаракесек пен Қыпшақ руларының арасында бір дау болады. Дауға Қаздауысты Қазыбек келіпті. Амандасып болған соң Қыпшақ биі: «Арғынның арық биі, сөйле», – депті.

Сонда Қазыбек:

Арық емес, қатумын,
Қара жерден татумын.
Көшершілік кезде түйе азады,
Жетімдік көрсе қыз азады.
Елінде жаугершілік болса,
Тағында хан азады,
Табындағы би азады, –
депті.

(«Сөз тапқанға қолқа жоқ»
кітабынан,
1988 жыл, «Жазушы»
баспасы).

Қазыбек бидің Төле биге айтқаны

Төле би тоқсан жасқа келгенінде Қаздауысты Қазыбек сәлем бере барыпты. Елдің жақсылары, шешендер, ойшылдары жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырғанында:

– Қаздауысты Қазыбекім келді.

Бәрің түгел жиналындар. Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар, соны шешіндер, – дейді Төле би.

– Айтыңыз, айтыңыз!

– Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Отырғандар таң-тамаша болады.

– Бұл не деген жұмбақ? Осындай да жұмбақ бола ма?

– Төке, бұл жұмбақты мен шешейін, рұқсат етіңіз? – дейді Қаздауысты Қазыбек.

– Рұқсат, рұқсат.

– Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

– Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.

– Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

– Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман.

– Бес дегеніміз – белсеніп шапқан жау жаман.

– Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.

– Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса, сол жаман.

– Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман.

– Тоғыз дегеніміз – торқалы той, топырақты өлімде бас көрсетпесе сол жаман.

– Он дегеніміз – оңалмас кәрілікке дауа болмас деген, – дейді Қаздауысты Қазыбек.

– Рахмет, дәл тауып шештің. Ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым, – деп Төле би Қазыбекке разы болыпты.

(Ашық деректерден).



Айнұр
СЕНБАЕВА

Асылдың тұяғы...

Жастайынан асқан ақылымен, өжет мінезімен, өткір тілімен көзге түскен Қазыбек бидің өмірі мен қайраткерлігі туралы осы уақытқа дейін талай мақала жазылды, зерттеулер де жарық көрді. Би өмір сүрген заманнан жазбаша деректер аз болғанымен, Қазыбек бидің даналығы мен шешендігі, көрегендігі ел аузындағы аңыз-әңгімелер арқылы бізге жетті.

Белгілі жазушы Софы Сматевтың «Қаздауысты Қазыбек» мақаласында бидің кіндік қаны тамған топырағы туралы ешқандай жазба деректер сақталмағанын айтады. Кейбір ғалымдарымыз долбармен жобалап биді Сыр бойында дүниеге келді деп жүр. «Он жетінші ғасырдың екінші жартысында Жоңғар хандығының басым түсіп отырған шабуылының әсерінен ата қонысынан ығысқан қазақ жұртының Алтай мен Арқаны еріксіз тастап, Сыр бойы мен Қаратау өңіріне жөңкіле құйылғаны тарихтан мәлім. Қаздауысты Қазыбек те біздің есебіміз бойынша да, бірнеше тарихи жазба деректердің көрсетуі бойынша да 1667 жылы сол өңірде туып, 1764 жылы тоқсан жеті жасында дүниеден өткен екен», – дейді жазушы, драматург Софы Сматев.

Қазыбектің шыққан тегі – Орта жүз, Арғынның ішіндегі Қаракесек, әкесі – Келдібек, атасы – Шаншар. Би дүниеге келген әулеттің ерлері шетінен шешен, сөз кәдірін білетін білікті адамдар болған деседі. Қазыбектің атасы Шаншар оқығаны мен тоқығаны мол, жұрттан ақыл-кеңесін аямайтын адам болыпты. Ауыл-аймағы мен төңірегі ақсақалды абыз атап кеткен. Ал Қазыбектің анасы – Токмейілдің әкесі Сүлеймен Шаншардай ғұламамен көрші болу үшін жанына әдейілеп көшіп келіп, кейіннен құда болғаны жайлы халық арасында аңыз тараған. Келібек пен Токмейілден кемеңгер би Қазыбек туады. Ол отбасындағы алты баланың тұңғышы екен. Көргенді әке мен зерек анасының әр сөзін көкейіне тоқып өскен Қазыбек қара қылды қақ жарған әділ би, Алаштың ардақты азаматына айналды.

Бала биден дана биге дейін...

Қазыбектің ес біліп, ержеткен кезі қазақ халқының басындағы қиын-қыстау кезеңге сәйкес келді. Ол сықиып киініп, жүйрік мініп, сұлу құшам десе де әулетінің дәулеті жетер ме еді. Бірақ ес біле бастағаннан-ақ халқының қабағындағы мұңды сезініп өскен елгезек бала елдік мәселелерге ерте араласып, ел арасындағы дауды шешуді, халықтың бірлігін сақтауды өзінің өмірлік мақсаты етіп қойды.

Билердің ерлігі ел басқарған хандар мен найзаның ұшымен ел қорғаған батырлардан да кем емес. Қазыбек бидің даналығының арқасында қазақ пен қалмақ арасында тыныштық орнағаны да тарихтан белгілі.

Қаздауысты Қазыбек дегенде бірден ойымызға бидің «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күн боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз...» деген сөзі



ойымызға оралады. Ел аузындағы әңгімелерде Қазыбек осы сөздерін 18 жасында айтқан деседі. Енді бір деректерде Қазыбек алғаш рет 13-14 жаста болғанда елшілермен бірге Жоңғар ханы Сыбан Раптанмен келіссөздер жүргізуге барғандығы айтылады. Бұдан кейін де ол талай рет дипломатиялық сапарларға шығып, тіпті жоңғарлар тұтқынға алған Абылайды босатып алғаны жайлы да аңыз бар. Қазыбек би Абылайды қазақтың басын біріктіруге қауқарлы билеуші ретінде бағалаған.

Қазыбек қалай Қаздауысты атанды?

Би туралы зерттеулердің біразында Қазыбектің «қаздауысты» атануы Қонтайшының «сенің дауысың қаздың дауысындай қаңқылдап шығады» деуінен деген болжамдар айтылады. Белгілі тарихшы, ғалым Жамбыл Артықбаевтың айтуынша, бұл қате пікір.

«Қаз» дегеніміз – жалпы жауынгер жасақтың мәжілісі, жиыны. Көшпелілердің тәртібі бойынша мұндай жиынға астында аты, қолында бес қаруы жоқ адам қатыса алмайды. Көшпелі қоғамда ондай адамды өзгелер өзіне және тең санамайды. Мәселен, бір жерден қыз айттырамын десе де, алдымен әлеумет шаруасына қатысы бар ма, соған қарайды. Қазға адам көп жиналады, оның шешімдері де дауыстың басымдылығымен шешіледі. Дау болып ел екіге жарылса қай жағының дауысы басым, сол жеңеді. Міне, осындай жерде би-шешеннің шеберлігі, дауысының күштілігі жарысқа түседі. Бүкіл қазақтың жиынын меңгеріп кету оңай емес. Қазда мемлекеттің сыртқы саясаты, хан мұрагерлігі, жер иелігі мен ел билігі сияқты жалпы халықтық мәселелер талқыланады, сол себептен Бұқар жырау Абылай ханды тоқтатқысы келсе:

*Аиуланба, Абылай,
Аиулансаң, Абылай,
Көтерермін, көрермін,
Көтеріп қазға салармын, –*
дейді.

Қай мәселені қазға салу халықтық жиындарда ірі мемлекет қайраткерлерінің, ру басы көсемдерінің қолдауымен шешіледі. Егер осы ұсыныстарды қаз қолдаса, онда бүкіл ел қырылып-жойылса да сол шешімді орындайды.

Қазақ идеясының негізі болған «қаз» ұғымы Еуразия халықтарының көне тарихына бастайды. Кавказ таулы өңірін мекендеген осетин және кабардин халықтарының нарт аталатын эпикалық жырларында «Тот на хасе быть достоин, Кто мечом разрушил горы, Кто познал простоты мира, Кто прошел моря и сушу, Закаляя душу в битвах», – деген қазға арналған жарқын шумақтар бар. Бұл жерде «қаз» (хаса) ең атақты жауынгерлердің кеңесі, қазіргі тілмен айтсақ, парламент дегенді білдіреді. Эпос қазға тек әскери сыннан өткен, жаугершілікте шыңдалған азаматтар ғана қатыса алады дейді. Қап тауындағы кабарда, балқар, қарашай халықтарында ел жақсыларының жиынын әлі күнге «қаз» (хаса) атайды.

Қазіргі зерттеушілердің пікірінше, «Хасэ, как и столетия назад, является представительным органом власти народа, полномочным парламентом суверенного государства. На Хасэ периодически принимались решения, очень важные для общества», – деп жазды ғалым Жамбыл Артықбаев.

Ұшқыр ойлы кемеңгер

Елімнің тұтастығы деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, өле-өлгенше қазақ халқына қалтқысыз қызмет еткен Қазыбектің өмірі мен қызметі, шешендігі мен көрегендігі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Келдібекұлы Қазыбек би – қазақтың Тәуке, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандары тұсында мемлекет басқару ісіне араласқан мемлекет және қоғам қайраткері. Ол Әз-Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Орта жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» аталатын заңдар кодексінің шығарушылардың бірі.

Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінің кіші ғылыми қызметкері С.Слаббековтың мәліметінше, Бүгінгі күнде Қаздауысты Қазыбек бидің, жалпы Қаркесек Шаншар атаның ұрпақтары көп болып тараған. Қарқаралы ауданына қарасты Егіндібұлақ, Қаратау, Арқалық, Айрық, Едірей елді-мекендерінде тұрады.



БІЗДЕ ӨТКЕН БӘСЕКЕЛЕР

АЛМАТЫДА АЙТУЛЫ ЖАРЫСТАР ӨТТІ



Еліміздің оңтүстік астанасында әртүрлі спорт түрлерінен бірнеше халықаралық және ішкі біріншіліктің жарыстары өтті.

ЖАС РАКЕТКА ШЕБЕРЛЕРІ

Алматыда үстел теннисінен кіші топтағы спортшылар арасында Қазақстан чемпионаты аяқталды. Алты күн бойы «ADD» орталығының заманауи спорт залында жас теннисшілер күш сынап, бар шеберліктерін көрсетті. Жарыс барысында мегаполис атынан шыққан спортшылар да көзге түсті.

Ер-жігіттер арасындағы жекелей сында Мерей Болатбекке (Шымкент) тең келгендер болған жоқ. Екінші орынға маңғыстаулық Дәурен Жұмағазы жайғасты. Үздік үштікті Мансұр Сүйіндік (Батыс Қазақстан облысы) түйіндеді.

Ал қыздар арасындағы жекелей жарыста Акқу Темірханова (Маңғыстау облысы) алтын алды. Жеңіске бір қадам жетпей қалған алматылық ару Айназ Әділгереева жеңіс тұғырында екінші боп тұрды. Қола жүлдені Носила Ханниязова жеңіп алды.

Жұптық жарыста Шымкенттен келген Томирис Қосармен бірге дуэт құрған Айназ Әділгереева (Алматы) бұл жолы бірінші болды. Жігіттер арасында Ержігіт Серікбай мен Бакдәулет Сауырбай (Батыс Қазақстан облысы/Шымкент) жұбы топ жарды.

Алматыда өтіп жатқан Азия чемпионатында Қазақстан командасы 11 медаль жеңіп алды. Спортшыларымыз барлық жүлдені «трап» жарысы бойынша жеңді.

**ҚҰРАЛАЙДЫ КӨЗГЕ АТҚАН МЕРГЕНДЕР**

Жеке есепте Сәрсенкүл Рысбекова үшінші болды. Жасөспірімдер арасындағы жарыста Максим Бедарев жеңіс тұғырының екінші сатысына көтерілді. Әйелдер арасындағы жарыста Анита Нұрланова бәрінен мерген шығып, алтын жүлдені жеңіп алды. Наргиза Сарманова екінші, ал Анастасия Прилепина үшінші болды.

Жасөспірімдер арасындағы командалық есепте біздің спортшылар чемпион атанды. «Трап/микс» аралас жаттығуында Мария Дмитриенко мен Виктор Хасянов

күміс медальмен марапатталды. Жарыстың осы түрінен жасөспірімдер арасында Анастасия Прилепина мен Богдан Конченко бірінші болса, ал Мария Мартинкевич/Никита Моисеев дуэті күміс жүлдеге ие болды.

Әйелдер арасындағы командалық есепте Қазақстан құрамасы қола медальға ие болды. Жасөспірімдер өз кезегінде бірінші болды.

Айта кеткен жөн, жарысқа әлемнің 16 елінен 300-ден астам спортшы қатысуда. Азия чемпионаты 8 тамызға дейін жалғасады.

ДЗЮДО

АЗИЯНЫҢ БАСТЫ БАЛУАНДАРЫ ЖИНАЛДЫ

**Қазақстанда дзюдодан Азия чемпионаты басталды.**

Елордадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайында дзюдодан ерлер мен әйелдер арасында Азия чемпионаты басталды. Құрлық біріншілігінде төрт күн бойы татами шеберлері жеке және аралас-командалық жарыстарда мықтыларды анықтайды. Турнирге Азияның 19 елінен 200-ге жуық дзюдошы қатысуда.

Жарыстың ашылу салтанатына Халықаралық дзюдо федерациясының вице-президенті Абид Әл Анзи қатысты. ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Халықаралық дзюдо федерациясының вице-президенті Абид Әл Анзимен кездесіп, Қазақстанда дзюдо спортының мәселелері мен даму келешегін талқылады.

Азия біріншілігінің алғашқы күні Қазақстан құрамасы үшін жемісті болды. Абиба Әбужақы-

нова команда қоржынына алғашқы медальді салды. 48 келіге дейінгі салмақта белдескен ол күміс жүлдеге ие болды. Отандасымыз финалда жапониялық Кога Уаканаваға жол берді.

60 келі салмақта сынға түскен Мағжан Шамшадин жұбаныш белдесуінде моңғолиялық Энхтайвани Ариунболдты иппонмен (таза жеңіс) жеңді. Жартылай финалға дейін жауырыны жерге тимеген жерлесімізді жапониялық дзюдошы Рюдзю Нагаяма жолдан тоқтатқан болатын. Ол өз салмағында алтын алды. Екінші орын Ким Вон Жинге (Корея) бұйырды.

Ғұсман Қырғызбаев (66 келі салмақ) қоржынды қоламен толықтырды. Бұл – оның жаңа салмақтағы алғашқы жүлдесі болды. Спортшымыз жұбаныш белдесуінде Джавашвили Гурамды жеңіп, қола жүлде үшін күресуге мүмкіндік алған болатын.

Осылайша алғашқы жарыс күнінде қазақстандық дзюдошылар үш медаль жеңіп алды.

ТАЭКВОНДО

София қаласында өтіп жатқан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында қазақстандық таэквондошылар 5 медаль жеңіп алды.

Болгария астанасы Софияда ұйымдастырылған таэквондодан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының екінші күні біздің жас спортшыларымыз үш жүлдеге ие болды. Қазақстандықтар арасында Әсет Изғалиев (48 келіге дейін), Айдана Сүндетбай (46 келіге дейін) және Тамирлан Тілеулес (51 келіге дейін) көзге түсті.

Финалға дейін сүрінбей жеткен Айдана Сүндетбай ең басты жүлде үшін кездесуде Оңтүстік Кореядан келген қарсыласы Юнseo Кимді жеңе алмады. Дегенмен, батыр қызымыз жарыс бойында көрсеткен керемет шеберлігі үшін күміс жүлдемен марапатталды. Осы кеште Айдамен бірге Тамирлан Тілеулес те мойнына күміс медаль тақты. Отандасымыз финалда жеңіске жете алмағанымен, Қазақстан үшін маңызды жүлдені қоржынға салды.



ЖАСТАРЫМЫЗ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕДІ

Сондай-ақ, 48 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Әсет Изғалиев үштік үздікке еніп, қола медаль жеңіп алды.

Жарыстың келесі күні құрама

қоржыны тағы екі жүлдемен толықты. Жавохирхон Исламов (55 келіге дейін) және Әлібек Шайкенов (59 келіге дейін) жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілді.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

ТЕННИСТЕГІ ТАРИХИ ҚАДАМДАР

Чехияның Простеев қаласында 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында өтіп жатқан әлем чемпионатында (2022 ITTF World Junior Tennis Finals) Қазақстан құрамасы тарихи жетістіктерге жетуде.

Әлем чемпионаты жас теннисшілеріміз үшін сәтсіз басталған. Топтық кезеңнің алғашқы кездесуінде біздің жігіттер Эквадор командасынан жеңіліп қалды. Жалпы есеп 1:2 болды. Дегенмен, жарыс басындағы жеңіліс құрамаға кері әсерін тигізген жоқ. Қайта жас спортшыларымызға үлкен сабақ болып, алдағы жеңістерге серпіліс берді.

Екінші ойында Қазақстан құрамасы әлемнің экс-чемпиондары Аргентина командасымен кездесті. Бірінші болып Даниэль Тазабеков (құраманың үшінші нөмірі) шықты. Ол аргентиналық Бенджамин Челияны 7:5, 6:2 есебімен жеңді. Екінші

ойында қарсылас команданың үздік ойыншысына Заңғар есе жібергенімен, шешуі жарыста Дамир Жалғасбай мен Даниэль Тазабеков жұбы Данте Пагани/Бенджамин Челия дуэтінен басым түсті – 6:1, 6:4.

Топтық кезеңнің соңғы үшінші матчында қазақстандықтар қазіргі әлем чемпиондары – Италия құрамасын сенсациялық түрде жеңді. Ойынға алғашқы болып шыққан Даниэль Тазабеков қарсыласы Сальватор Тартальонені бірінші сетте таза жеңсе (6:0), ал кездесудің екінші жартысында 6:3 есебімен алға шықты. Келесі ойында күш сынасқан Заңғар мен Антонио Марильяно кездесуі нағыз тартысқа толы болды. Бірінші сет итальяндықтың пайдасына шешілсе, екінші партияда біздің спортшымыз есеп теңестірді. Шешуші сетте Заңғар нүкте қойып, жалпы 4:6, 6:4, 6:3 есебімен жеңіске жетті. Осылайша Қазақстан құрамасы өз тарихында тұңғыш рет жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының ширек финалына шықты.

Плей-офф кезеңінің бірінші матчында Қазақстан құрамасы

Словения командасымен кездесті. Бұл жолғы ойында да бірінші болып Даниэль Тазабеков өнер көрсетті. Ол Свит Сульичке қарсы ойында спортшыларға өте қажет қасиет – салқындылықты көрсетті. Теннисшіміз бірінші сет 4:6 ұтылғанына қарамастан, екінші партияда тез арада ойынға қайта оралып, тай-брейкте қарсыласынан басып озды – 7:6 (8:6). Шешуші үшінші партияда Даниэль бірден 6:2 есебімен жеңіске жетті.

Одан кейін алаңға өз құрамаларының алғашқы нөмірлері – Заңғар Нұрланұлы мен Жига Шешко шықты. Бірінші партияны Заңғар алды – 6:4. Екінші партияның басында қарсыластар брейктермен алмасты. Алайда, кездесу жалғасқан сайын отандасымыздың сенімділігі артып, Заңғар матчтың жеңімпазы атанды.

Ендігі кезекте біздің құрама әлем чемпионатының жартылай финалында болгарларды 2:1 есебімен жеңген Германия құрамасымен кездеседі.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

COVID- 19
ҚАЗАҚСТАН

5.08.2022 ж. күнгі деректер бойынша
ҚР өңірлерінде КВИ-ға қарсы
вакцинациялау жүргізу туралы ақпарат


I компонентпен
екпе алған
адамдар саны

II компонентпен
екпе алған
адамдар саны

1. Нұр-Сұлтан қ.	543 165	516 986
2. Алматы қ.	1 214 387	1 188 185
3. Шымкент қ.	707 369	696 560
4. Ақмола облысы	376 884	364 179
5. Ақтөбе облысы	443 765	436 231
6. Алматы облысы	1 185 484	1 134 715
7. Атырау облысы	293 042	277 524
8. ШҚО	1 032 242	1 025 713
9. Жамбыл облысы	772 996	763 008
10. БҚО	297 671	288 193
11. Қарағанды облысы	726 876	679 325
12. Қостанай облысы	381 167	367 731
13. Қызылорда облысы	516 187	510 662
14. Маңғыстау облысы	280 894	273 410
15. Павлодар облысы	385 399	376 523
16. СҚО	342 822	338 507
17. Түркістан облысы	1 295 316	1 291 492

Барлығы ҚР бойынша: 10 795 666 10 528 944

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Әшімов көшесінде уақытша
көлік жүрісі шектеледі

Жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 5 тамыздан 12 тамызға дейін күн сайын түнгі уақытта сағат 23.00 мен 06.00 аралығында Әшімов көшесінің Абай даңғылынан Райымбек даңғылына дейінгі бөлігінде көлік қозғалысы уақытша ішінара шектелетін болады.

Аталған жұмыстар орташа жол жөндеу жұмыстары аясында жоспарланған болатын. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз.

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ МОБИЛЬДІЛІК БАСҚАРМАСЫ.

Бостандық аудандық Ардагерлер кеңесі жаны жайсаң азамат, білікті энергетик

ЖАНТІЛЕУОВ Ерсайын Қожанұлының қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына және отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне
төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»
жарияланымдары
мектептерде, колледждер
мен университеттерде
оқылады, әлеуметтік
желілерде зерделеніп,
талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –
алматылықтардың да, еліміздің
барлық дерлік өңірлеріндегі
оқырмандарымыздың да асыға
күтетін, сүйіп оқитын басы-
лымы! Қазақ сөз өнері мен
журналистикасының дәстүрлі
мектебі!

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 4.08.2022 жылғы
№3/314-406 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға
байланысты жер учаскесін немесе өзге де
жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 16 мамырдағы №5 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) Леонид Олегович Канның, Виктория Рудольфовна Кимнің Алматы қаласының Алатау ауданындағы Шишков көшесі, 10-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-060-419), ауданы 0,0947 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының тегіріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ



болады. Келіңіздер, біз сіздерді Алматы қаласы Абылай хан даңғылы, 93/95 мекенжайы бойынша күтеміз!

Құрметпен,
Алматы ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-
шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
кәулігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ӘУЕ КОМПАНИЯСЫ

Ұшу уақыты
қадағаланадыДосбол
АТАЖАН

Алматыда «Air Astana-ның операциялық қызметі: мәселелер және даму жоспарлары» атты брифинг өтті.

Жиын барысында Air Astana әуе компаниясының президенті Питер Фостер барлық басты қызметкерлерімен бірге бүгінгі күні орын алып жатқан қиындықтардың себебін түсіндіріп, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Компания президентінің айтуынша, соңғы уақытта орын алған әуе рейстерінің кешігуі, ұшу кестесінің сақталмауы сынды қолайсыздықтарға ішкі жағдайдан бөлек, жалпы әлемдегі өзгерістер әсер етуде. Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының мәліметінше, жолаушылар санының артуы әлемдегі ең ірі әуежайларда көлік дағдарысына және халықаралық әуе компанияларының рейстерінің кешігуіне әкелді. Мұндай жағдайға Air Astana-да тап болған, жаздың алғашқы екі айында өткен жылмен салыстырғанда, жолаушылар саны 17%-ға артқан. Сондай-ақ, әуе компаниясының ұшақтары ірі торапты әуежайларға ұшатындықтан, халықаралық хабтардағы іркілістер компания кестесіне әсер еткен. Жағдайды ушықтыратын факторлар қатарында Қазақстан әуежайларындағы ұшу-қону жолақтарын жөндеу, қарбалас мерзім кезінде әуежайлардың жабылуы және құстармен соқтығысудың көбеюі сынды себептер аталды. Нақты айтқанда, құстармен соқтығысу саны өткен жылмен салыстырғанда 22,3%-ға өскен.

Дегенмен Air Astana барлық кінәні сыртқа артып қоймай, өздерінен кететін олқылықтар барын мойындады. Әуе компаниясының ұқыптылық көрсеткіші (кесте бойынша уақытылы ұшып-қонуы) 2015-2016 жылдары 92-91% болса, одан кейін бұл көрсеткіш төмендей берген. 2018-де 86%, 2020 мен 2021-де 85%, биыл жарты жылдық көрсеткіш бойынша 74%-ды құрады. Әсіресе, жазғы уақытта рейстердің кестесі жиі бұзылған. Наурыз айында жолаушылардың 87% уақытылы жолға аттанса, маусым мен шілдеде бұл көрсеткіш 66%-ды ғана көрсеткен.

«Air Astana-ның бүкіл командасы рейстерді уақытылы орындау үшін жұмыс істейді. Кешігулер санын азайту үшін және қызмет көрсету сапасын арттыру үшін біз рейстер санын қысқартып, Airbus A320 резервтік ұшағын бөлдік. Сондай-ақ, рейстердің кешігуіне байланысты жедел желі аштық. Жолаушылар сағат 8.00-ден 24.00-ге дейін +7 (7272) 44-44-78 нөміріне хабарласа алады», – деді Air Astana компаниялар тобының президенті Питер Фостер.

Сонымен қатар, компания басшылығы 2022 жылдың соңына дейін Air Astana авиапаркі үшін 2 ұшақ, FlyArystan флоты үшін 3 ұшақ сатып алуды жоспарлап отырғанын хабарлады. 2020 жылдың ортасынан 2022 жылдың наурыз айына дейін флотты 13 ұшақ толықтырған. 2025 жылға дейін тағы 24 әуе кемесін алу жоспарланған.

Брифинг барысында елордада құны 10,4 миллион АҚШ долларын құрайтын ұшқыштар мен бортсеріктерді оқыту үшін арнайы жаңа оқу орталығы салынатыны айтылды.

ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ – 100

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

28 панфиловшылар саябағында Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигелдиновтің 100 жылдық мерейтойына орай мерекелік шара ұйымдастырылды. Ондағы әскери шеруде 800-ден астам әскери қызметкер бой көрсетті. Саябақ алаңына аты аңызға айналған ұшқыш-жауынгердің музейлік экспонаттары, мұрағат құжаттары қойылды. Сондай-ақ, сирек кездесетін қолжазбалары мен кітаптары, суреттерден тұратын тың дүниелері көпшілік назарына ұсынылды.



«Талғат Бигелдинов қазақтың ұл-қыздарына өшпес өнегелі ізін қалдырған. Ол көк жүзінде қаһармандық ерліктердің ерекше үлгісін көрсетіп кеткен аты аңызға айналған даңқты тұлға. Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов соғыста екі жылын ғана өткізді. Осы уақыттың ішінде 305 әскери шабуылға қарсы шығып, көптеген командалық тапсырмаларды орындаған. Берлин үшін жүргізілген шайқастарға қатысып, мыңдаған жауынгерлермен бірге елімізге батыр болып оралды. Келешек ұрпаққа өмір сүрудің лайықты үлгісін қалдырды. Біздің міндетіміз оның өмірімен қызметінен кейінгі ұрпақтың мәңгі есінде қалдыру», – деді Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин.

Мерекелік іс-шара аясында Қорғаныс министрлігі Алматы филиалы әскери-техникалық мектебінің 130 түлегі Отанға адал болуға ант берді. Жоғары техникалық мектеп курсанттары еліміздің елеулі батырларын құрметтеп, еске алды. Осы ретте мектеп әскери-патриоттық тәрбие берудің орталығы бола отырып, әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылатын жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлетіндігін де ерекше атап өткеніміз жөн.

«Бұл шараға Алматы қалалық гарнизонының бүкіл әскери қызметшілері қатысты. Іс-шара жақсы өтті деген ойдамын. Мен өзім Халық Қаһарманы атағын алған кезімде мен ол кісімен бір сапта тұрған едім. Талғат Бигелдинов «Отан» орденімен марапатталған еді. Ол кісіні көріп, диалогу менің арманым болатын. Сол кезде қолын алып, жылы лебізіне бөленген едім. Біз батырларымызды ешқашан ұмытпаймыз, жастарымызға үлгі-өнеге көрсету мақсатында осындай іс-шараларға алып келеміз. Гүл шоқтарын қойдырып, осы аталарымыз секілді болуларына тілек білдіреміз», – дейді Халық қаһарманы, подполковник Азамат Жұмаділов.

Аталмыш іс-шараны Генералдар кеңесі мен «ҰОС ардагерлері, тыл еңбеккерлері және соғыс балалары кеңесі» қоғамдық қоры ұйымдастырған.

«Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығына орай әскерилер арасында көптеген іс-шаралар, тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.



Ел басына күн туғанда өлшеусіз ерлік көрсеткен Талғат Бигельдиновке 23 жасында екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Сондай-ақ, даңқты батырдың ерлік істері туралы «Әуеге көтерілу» деректі фильмі көрсетілді. Жастардың шамшырағына айналған атамyzдың мерейлі мерекесі еліміз бойынша жоғарғы деңгейде өткізіледі деп сеніммен айта аламын. Болашақта осы Алматы қаласында батырдың рухына арнап ескерткіш-тақта қою ойымызда бар. Қалалық әкімдікке ұсынып, ол кісілердің мақұлдауын күтетін боламыз. Алайда, ол кісінің жалғыз өзінің ескерткішін емес, шабуылдаушы ұшқыштар Т.Бигелдинов, Л.Беда, И.Павлов және жойғыш ұшақ ұшқышы С.Луганскийдің біріккен ескерткішін қоямыз деген ойдамыз», – дейді ҚР Қарулы Күштері Аэро-десанттық-шабуылдаушы әскерлер қолбасшысының тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары Раджан Жанысов.

Әскери әуе жолдарын бағындырған, аспан адамы атағына ие болған қаһарман атамyzдың есімі әлдеқашан-ақ сол аспан биігіне дейін шарықтап кетті. Анталаған жауға тұтқиылдан соққы беріп, есеңгіреткен есіл ер өз өмірінде 305 рет көкке көтерілген екен. Шайқастарда ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған қазақ халқының мақтанышы. Талғат атамyzдың артынан ерген ұрпақтары бүгінгі күні өз естеліктерімен бөлісіп, болашақ ұрпаққа батырдың табандылығы мен қайраткерлігін баян етуде.

«Мерекелік іс-шараға әкеміздің көзін көрген жандар келіп жатыр. Сырбаз сарбаздардың сап түзегенін көріп, көңіліміз жанданып отыр. Ұйымдастырушыларға ерекше алғысымды білдіремін. Жігіттерімізге қарап біздің қаламыз қандай әсем деп таңданамын. Бейбіт күнде өмір сүріп жатқанымызға қатты қуанамын, соғыс пен қақтығыстар болмасын деп тілеймін. Жастарымыздың әкеміз секілді ержүрек, батыл, қайратты болғандарын қалаймын. Соғыс өрті сөйілген бейбіт жылдары Талғат Жақыпбекұлы азаматтық авиацияны басқарды. Мәскеудегі құрылыс институтын бітіріп, зәулім ғимараттарды тұрғызуға атсалысты. Міне, біздің әкеміз осындай жауынгер жан болғанына қатты қуанамын. Еліміздің барлық жастары сол кісі секілді болғанын қалаймын», – дейді қызы Галия Бигелдинова.

Маңдайына ерекше тағдыр жазылған қазақтың осындай арда азаматы болғанына біз де мың да бір шүкіршілік айтамыз.

«Мерекелік кешке елімізге елеулі тұлғалар келді. Атамyzдың өнегелі өмір жолына қарап отырып, біздер үлгі аламыз. Менің сүйікті батырым да дәл осы кісі. Ұлағатты сөздері менің жадыма мәңгі сақталады. Біз Талғат атамyzдың ұрпағымыз. Ол кісінің жолымен жүру біздің борышымыз. Ағайын-туыс, дос-жарандарым маған Талғат атамyzға тұр-келбетің, мінезің ұқсайды деп жатады. Сол себептен мен бақытты ұланмын деп айта аламын», – дейді лейтенант Іңкәр Алтай.

Талғат атамyzдың достары мен әріптестерінің естеліктеріне сүйенсек, ол өмірде ақжарқын, қарапайым, өзінен көмек сұрап келгендерге әрдайым қолұшын созып, көмектесетін кеңпейілді адам болған. Талғат Бигелдинов қоғамдық танылу мен халықтың махаббатын тірі кезінде сезініп кеткен жан.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ